2) Орыс тілде: товарищество с ограниченной ответственностью «Дошкольная организация «КЕН и БАРБИ», қысқ: ТОО «Дошкольная организация «КЕН и БАРБИ»;

3) **Заңды мекенжайы:** 030000, Қазақстан Республикасы, Ақтөбе облысы, Ақтөбе қ., Ө.Қалыбаев көш., 12.

4) Қатысушының шешімімен, серіктестіктің мекен-жайы басқа жерге ауыстырылуы мүмкін, мұндайда серіктестік мемлекеттік тіркеуден өткізетін органға мекен-жайын өзгерткені туралы хабарлайды.

5 бап. Серіктестіктің заңды мәртебесі

1) Серіктестік мемлекеттік тіркеуден белгіленген тәртіп бойынша өткеннен кейін заңды тұлға құқығына ие болады.

2) Серіктестіктің мөрі, дербес балансы, банкте шоттары, өз атау бар бланкілері болады.

3) Серіктестік өзінің мақсатына жету үшін өзінің атынан келісімге отыра алады, мүліктік және өзіндік мүліктік емес құқықтарды алады, сотта талапкер және жауапкер бола алады.

4) «Дошкольная организация «КЕН и БАРБИ» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі шағын кәсіпкерлік субъектісі болып табылады.

6 бап. Серіктестіктің іс-әрекет мерзімі

1) Серіктестік қызметі қарастырылған заңмен және осы жарғы тәртібімен мерзімінен бұрын тоқтатылған немесе таратылған жағдайдан басқа уақыттарда белгісіз мерзімге құрылған.

2) Осы жарғы тіркеуден өткен сәттен бастап өз күшіне енеді.

2 БӨЛІМ. БІЛІМ БЕРУ ҚЫЗМЕТІН ҰЙЫМДАСТЫРУ

7 бап. Іске асырылатын жалпы білім беретін оқу бағдарламаларының тізімі

1) Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жалпы білім беретін оқу бағдарламалары іс-әрекет түрлерінің мектеп жасына дейінгі балалар үшін ерекшеліктерін ескере отырып, мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының негізінде әзірленеді.

2) Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жалпы білім беретін оқу бағдарламалары:

- балаларды тәрбиелеу, оқыту, дамыту және сауықтыру тұтастығы принциптерін ескере отырып, мектепке дейінгі және бастауыш білім берудің сабақтастығы мен үздіксіздігін қамтамасыз етеді;

- әр баланың талабын, бейімділігін, қабілеттілігін, дарындылығын іске асыруға және оның даму ерекшеліктері мен денсаулық жағдайын ескере отырып, дара әдіс негізінде оны бастауыш білім берудің білім беру бағдарламасын меңгеруге даярлауға бағдарланады.

3) Мектепке дейінгі оқытудың жалпы білім беретін оқу бағдарламалары оқудың, жазудың, есептеудің және тілдік қатынас тәжірибесінің қарапайым дағдыларын қалыптастырады және бастауыш білім беруді меңгеру үшін бірдей бастапқы жағдайларды жасауды көздейді.

8 бап. Білім беру ұйымдарына қабылдау тәртібі

1) Мектепке дейінгі оқу орнына оқуға қабылдау тәртібі тиісті үлгідегі оқу орындарына қабылдаудың үлгілік ережесімен белгіленеді.

2) Білім беру ұйымдарының қызмет көрсету аумақтарында тұратын барлық балаларды қабылдауды қамтамасыз ететін мектепке дейінгі білім беру ұйымдарына оқуға қабылдау тәртібі үлгілік қабылдау ережелерінің негізінде жергілікті атқарушы органдары бекіткен қабылдау ережесімен белгіленеді.

3) Білім беру ұйымдарына оқуға қабылдау тәртібін осы Заңмен және қабылдаудың тиісті үлгілік ережелерімен реттелмеген бөлігінде білім беру ұйымдарының құрылтайшысы немесе құрылтайшылары (мемлекеттік басқару органы) белгілейді.

9 бап. Білім беру процесін ұйымдастыру тәртібі (оның ішінде оқыту және тәрбиелеу тілі (тілдері), білім алушылардың, тәрбиеленушілердің сабақ режимі).

1) Білім беру ұйымдарындағы оқу және тәрбие процесі жұмыстық оқу бағдарламалары мен жұмыстық оқу жоспарларына сәйкес жүзеге асырылады.

2) Білім беру ұйымдары жүзеге асыратын оқу және тәрбие жұмысын жоспарлау мен есепке алу оқу және тәрбие процесін ұйымдастырудың негізі болып табылады.

3) Оқу және тәрбие жұмыстарын жоспарлау оқу жоспарлары мен бағдарламаларының толық көлемде уақтылы және сапалы орындалуын қамтамасыз етуге тиіс. Білім беру ұйымдарындағы оқу және тәрбие жұмыстарын жоспарлау оқу жылына арналған оқу-тәрбие процесінің графигі мен теориялық және практикалық сабақтардың кестесін бекіту арқылы жүзеге асырылады. Білім беру ұйымдарындағы оқу және тәрбие жұмыстарының есебі теориялық және өндірістік оқытудың есепке алу журналдарын және оқу бағдарламаларының оқу сағаттарында орындалуын есепке алу табельдерін жүргізу арқылы жүзеге асырылады.

4) Білім беру ұйымдарындағы тәрбие бағдарламаларын оқу процесінің құрамдас бөлігі болып табылады және білім алушылардың, тәрбиеленушілердің патриоттық, азаматтық, интернационалдық, жоғары моральдық және имандылық сезімін қалыптастыруға, сондай-ақ жан-жақты қызығушылықтары мен қабілеттерін дамытуға бағытталған.

5) Білім беру ұйымдарында негіздік, этностық, діни, әлеуметтік ымырасыздық пен айырықшалықты насихаттауға, милитаристік және де халықаралық құқық пен ізгіліктің жалпыға танылған принциптеріне қайшы келетін өзге де идеяларды насихаттауға тыйым салынады.

6) Оқу және тәрбие процесі білім алушылардың, тәрбиеленушілердің, педагог қызметкерлердің адамгершілік қадір-қасиетін өзара құрметтеу негізінде жүзеге асырылады.

7) Білім алушылар мен тәрбиеленушілерге қатысты күш көрсету, моральдық және психикалық қысым жасау әдістерін қолдануға жол берілмейді.

8) Білім беру ұйымдарындағы тіл саясаты Қазақстан Республикасының Конституциясына және Қазақстан Республикасының тіл туралы заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

9) Меншік нысандарына қарамастан барлық білім беру ұйымдары білім алушылардың мемлекеттік тіл ретінде қазақ тілін білуін, сондай-ақ білім берудің тиісті деңгейініс мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сәйкес орыс тілін және шет тілдерінің біреуін оқып-үйренуін қамтамасыз етуге тиіс.

10) Осы мектепке деінгі ұйым орыс тілінде оқытуға топтар ашады және оқушыларға қазақ тілді мемлекеттік тіл ретінде білімін арттырады, сонымен қатар орыс тілімен ағылшын тілін меңгертеді.

10 бап. Білімдерді ағымдағы бақылау, білім алушыларды аралық және қорытынды аттестаттау жүйесі, оларды өткізудің нысандары және тәртібі

1) Білім беру ұйымдары білім алушылардың білім беретін оқу бағдарламаларын меңгеруін бақылау мақсатында білім алушылардың үлгерімін ағымдағы бақылауды және білім алушыларды аралық аттестаттауды жүзеге асырады.

2) Осы ұйым білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылауды және білім алушыларды аралық аттестаттауды жүргізудің нысандарын, тәртібін және мерзімділігін таңдауда дербес болады.

11 бап. Ақылы қызмет көрсетудің тізбесі және тәртібі

1) Жеке меншік білім беру ұйымдары ақылы негізде тауарларды (жұмыстарды және қызметтер көрсетуді) өткізуден, оның ішінде мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарының шеңберінде оқытудан түскен кірістерді, құрылтайшылардың қаражаттарын және заңнамамен тыйым салынбаған басқа да қаржыландыру көздерін дербес пайдаланады.

2) Білім алушы шарт жасасу кезінде бөкіл оқу кезеңіне шығыстарды бір мезгілде төлеген жағдайда төлем сомасы оқу мерзімі аяқталғанға дейін өзгермейтін болады. Оқуға төлемді кезең-кезеңмен төлеген ретте төлем сомасы жалақының ұлғаюы жағдайында және инфляция индексі ескеріле отырып, жылына бір реттен жиі емес өзгертілуі мүмкін.

12 бап. Білім беру ұйымының білім алушылармен, тәрбиеленушілермен және (немесе) олардың ата-аналарымен және өзге де заңды өкілдерімен қатынастарын ресімдеу тәртібі

1) Ақылы негізде қызметтер көрсететін білім беру ұйымдарының және білім алушының (тәрбиеленушінің), оның ата-анасының немесе өзге де заңды өкілдердің өзара қатынастары шартпен реттеледі. Ақылы негізде тауарлар (жұмыстар және қызметтер көрсету) ұсынуға арналған үлгілік шарттың нысанын серіктестіктің директоры бекітеді.

2) Тәрбиеленушілер педагог қызметкердің ар-намысы мен қадір-қасиетін, өздері білім алатын оқу орнының дәстүрлерін құрметтеуге міндетті. Білім алушылардың, тәрбиеленушілердің міндеттерін бұзғаны үшін оларға білім беру ұйымының ішкі тәртібінің ережелерімен және жарғысымен көзделген тәртіптік ықпал ету шаралары не білім беру қызметтерін көрсету туралы шартта көзделген өзге де шаралар қолданылуы мүмкін.

3) Білім беру ұйымдарында білім алушылардың, тәрбиеленушілердің науқастануын болдырмау, денсаулығын нығайту, тән саулығын жетілдіру, салауатты өмір салтына ынталандыру жөніндегі қажетті шаралардың орындалуы қамтамасыз етіледі, осы мақсатта тәрбиеленушілерге медициналық қызмет көрсетуді қамтамасыз ететін медициналық пункт құрылады.

4) Мектепке дейінгі білім беретін ұйымдардың педагог қызметкерлері Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен жыл сайын тегін медициналық тексеруден өтіп тұруға міндетті.

5) Білім беру ұйымдарындағы сабақ кестесінде білім алушылар мен тәрбиеленушілердің тамақтануы және белсенді тынығуы үшін ұзақтығы жеткілікті үзіліс жасалуы көзделуге тиіс.

6) Білім беру ұйымдарында оқытудың, тәрбиелеудің, еңбек пен тынығудың салауатты және қауіпсіз жағдайларын жасау үшін жауапкершілік олардың басшыларына жүктеледі.

7) Көмектестік толмаған балалардың ата-аналары мен өзге де заңды өкілдерінің:

- баланың тілегін, жеке бейімділігі мен ерекшеліктерін ескере отырып білім беру ұйымын таңдауға;
- ата-аналар комитеттері арқылы білім беру ұйымдарын басқару органдарының жұмысына қатысуға;
- білім беру ұйымдарынан өз балаларының үлгеріміне, мінез-құлқына және оқу жағдайларына қатысты ақпарат алуға;
- өз балаларын оқыту мен тәрбиелеу проблемалары жөнінде психологиялық-медициналық-педагогикалық консультациялардан консульт-тациялық көмек алуға;
- балаларының шарттық негізде қосымша қызмет көрсетулер алуына құқығы бар.

8) Ата-аналар мен өзге де заңды өкілдер:

- балаларға өмірі мен оқуы үшін салауатты және қауіпсіз жағдайлар жасауға, олардың ой-өрісі мен дене күшін дамытуды, имандылық тұрғысынан қалыптасуын қамтамасыз етуге;
- бес жастағы балалардың мектепалды даярлығын қамтамасыз етуге, ал алты жастан бастап жалпы білім беретін мектепке беруге;
- балаларды оқыту мен тәрбиелеуде білім беру ұйымдарына жәрдем көрсетуге;
- балалардың оқу орнындағы сабаққа баруын қамтамасыз етуге міндетті.

3 БӨЛІМ. СЕРІКТЕСТІК МҮЛКІ, ПАЙДАНЫ БӨЛУ, ЕСЕП ЖӘНЕ ЕСЕП БЕРУ

13 бап. Серіктестік мүлкі.

1) Серіктестіктің мүлкі құрылтайшының салымдарынан, серіктестікпен табылған пайданың есебінен, сондай-ақ заңдармен тыйым салынбаған басқа да қайнар көздерден құралады.

14 бап. Пайданы бөлу.

1) Серіктестіктің салық және өзге де міндетті төлемдерден қалған пайданы қатысушы бөледі.

15 бап. Есеп және есеп беру.

1) Серіктестіктің қаржылық жылы календарлыққа сай келеді.

2) Бухгалтерлік есеп, ағымдағы бухгалтерлік операциялар, қаржылық қорытынды жасау, қаржылық және статистикалық есеп берулер ҚР заңдарымен белгіленген нормалар бойынша жүзеге асырылады.

3) Бухгалтерлік есеп беру қаржылық және өзге де құжаттар ҚР заңдарымен белгіленген мерзімдер шегінде сақталады.

4) Серіктестік салық төлемдері мен өзге де міндетті төлемдерді ҚР заңдарына сәйкес жүзеге асырады.

4 БӨЛІМ. СЕРІКТЕСТІКТІҢ ЖАРҒЫЛЫҚ КАПИТАЛЫ

16 бап. Жарғылық капитал

1) Серіктестіктің қызметін қамтамасыз ету үшін қатысушының салымы бойынша **500 000 (бес жүз мың) теңге** көлеміндегі жарғылық капитал құрылды.

- 2) Серіктестік жарғылық капиталының салымы болып ақша, бағалы қағаздар, заттар, сонымен қатар ғимараттар, құрылыстар, жабдықтар, шикізат, материалдар, тауарлар, өнімдер, мүлкітік құқықтар, соның ішінде жер пайдалану құқығы және зияткерлік меншік қызметінің нәтижесіне құқығы және басқа да материалдық құндылықтар табылады.
- 3) Мүлкітік емес құқықтар және басқа да материалдық емес игіліктер түрінде салым салуға болмайды.
- 4) Серіктестіктің тіркелуіне дейін қатысушы жарғылық капиталының жалпы сомасынан 25% кемінде, алайда, жарғылық капиталының кемінде ең төменгі мөлшерін енгізуге міндетті.

5 БӨЛІМ. БАСҚАРУ ОРГАНДАРЫ

17 бап. Жоғарғы орган

- 1) Қатысушының жалпы жиналысының құзырына жататын шешімдер жалғыз қатысушымен жеке дара қабылданады және жазбаша рәсімделеді. Қатысушының мүддесін сенімхат бойынша оның өкілі ұсына алады. Қатысушы кез келген уақытта өзінің өкілін алмастыруға құқылы.
- 2) Серіктестіктің жалғыз қатысушысының ерекше құзырына жатады:
 - Серіктестік жарғысын өзгерту, соның ішінде оның жарғылық қоры мөлшерін өзгерту мекен-жайын және фирмалық атауын өзгерту немесе серіктестік жарғысын жаңа редакцияда бекіту;
 - Серіктестіктің атқарушы органын құру және оның өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату, сондай-ақ серіктестікті немесе оның мүлкін сенім басқаруына беру туралы және мұндай беру шарттарын анықтау шешімін қабылдау;
 - Серіктестікке қатысушыларға және үлестерді сатып алушыларға серіктестіктің қызметі туралы ақпаратты ұсыну тәртібін және мерзімдерін бекіту;
 - Серіктестік ревизорын тағайындау және оның өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату, сондай-ақ ревизордың есебін және қортындысын бекіту;
 - Серіктестіктің ішкі қызметін реттейтін ережелерді бекіту, оларды және басқа да құжаттарды (серіктестіктің жарғысымен олардың бекітілуі серіктестіктің өзге де органдарының құзырына жатқызылған құжаттардан басқа) қабылдау рәсімдерін анықтау;
 - Филиалдар мен өкілдіктер құру туралы шешу;
 - Қатысушылар құрамын ұлғайту туралы шешу;
 - Жылдық қаржылық есебін бекіту және таза табысты бөлу;
 - Серіктестіктің басқа шаруашылық серіктестіктермен сондай ақ коммерциялық емес ұйымдарда қатысу туралы шешім;
 - Серіктестікті қайта құру немесе тарату туралы шешім;
 - Тарату комиссиясын тағайындау және тарату баланстарын бекіту;
 - Серіктестік барлық мүлкінің көпшілігі туралы шешім;
 - Серіктестіктің мүлкіне қосымша жарналар салу туралы шешім.

18 бап. Атқарушы орган

- 1) Атқарушы орган жалғыз қатысушыға есеп беретін Директор табылады және оның шешімдерінің орындалуын ұйымдастырады. Құрылтайшымен Директорды тағайындауда еңбек қатынастары еңбек заңдылығына сәйкес реттеледі.
- 2) Директор жалғыз қатысушының құзырына жатпайтын барлық сұрақтар бойынша құзырлы, соның ішінде:
 - Ағымдағы және келешек жұмыс бағдарламаларының орындалуын қамтамасыз етеді;
 - Қатысушы шешімдерінің дайындалуы мен орындалуын ұйымдастырады;
 - Қатысушы мен ұсынылған шекте ақша қаражаттарын қоса, серіктестік мүлкіне билік етеді;
 - Келісім шарттар (контрактілер) соның ішінде еңбек шарттарын жасайды;
 - Банкерде есеп шоттарын ашады, қаражаттарға билік ету құқығын пайдаланады;
 - Өнімдерге келісім бағаларын және атқарылатын қызметтерге тарифтерді бекітеді;
 - Осы жарғымен анықталатын және қатысушымен ұсынылған құзреттер шегінде серіктестік қызметінің сұрақтары бойынша сотта, ұйымдарда, мемлекеттік органдарды қоса қатынастарда серіктестікті ұсынады;
 - Өз құзыреті шегінде басқа да қызметтерді атқарады.
- 3) Серіктестік Директорының өкілеттігі:
 - серіктестік атынан сенімхатсыз әрекет етеді;
 - серіктесті ұсыну құқығына сенімхат береді;
 - жұмысшыларға қатысты қызметкер тағайындау, босату, ауыстыру жөнінде бұйрықтар шығарады, еңбек ақы жүйесін анықтайды.
- 4) Директор серіктестік құрылтайшысының алдында оның талабы бойынша өз қызметінің нәтижесі туралы ақпарат ұсынуға міндетті.

6 БӨЛІМ. СЕРІКТЕСТІК ЖӘНЕ ҚАТЫСУШЫ АРАСЫНДАҒЫ ӨЗАРА ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС

19 бап. Серіктестікке қатысушыға және үлестерді сатып алушыларға серіктестіктің қызметі туралы ақпаратты ұсыну тәртібі және мерзімі

- 1) Қатысушының, сондай-ақ үлесті сатып алушының талап етуі бойынша Серіктестік қатысушыға (үлесті сатып алушыға) Серіктестіктің қызметін айқындайтын құжаттардың, солардың ішінде құрылтай құжаттарының, лицензияның, рұқсаттың, бухгалтерлік және басқа да құжаттардың көшірмелерін беруге міндетті.
- 2) Серіктестікке қатысушы (үлесті сатып алушы) ақпарат алу мақсатында Серіктестіктің атқарушы органына жазбаша нысанда өтініш жасайды. Серіктестікке қатысушының (үлесті сатып алушының) өтініші Серіктестіктің кіріс құжаттарын есепке алу журналында тіркелуі тиіс. Серіктестік қатысушыға (үлесті сатып алушыға) талап етілетін ақпаратты (талап етілген құжаттардың көшірмелерін) өтініш жасаған күннен бастап 15 күнтізбелік күн ішінде беруге міндетті.

20 бап. Серіктестік қарыздары бойынша қатысушының жауапкершілігі

- 1) Серіктестікке қатысушы оның міндеттемелеріне жауап бермейді және серіктестіктің қызметіне байланысты серіктестіктің жарғылық капиталына салған салымы құнының жетінде шығындар тәуекеліне барады.
- 2) Серіктестіктің жарғылық капиталына толық салым енгізбеген серіктестіктің қатысушысы мүлкітік жауапкершілігі жарғылық капиталға төленбеген бөлігі бойынша ғана жауап береді.

21 бап. Қатысушының құқықтары және міндеттері

- 1) Қатысушылар мыналарға міндетті:
 - Жарғылық талаптарын, Серіктестіктің ішкі құжаттармен белгіленген ережелерді, сондай-ақ Серіктестіктің басқару органдарының өз құзыры шегінде қабылдаған шешімдері мен өкімдерін сақтауға;
 - Құрылтай құжаттарында көзделген тәртіпте, мөлшерде және мерзімде серіктестіктің жарғылық капиталына салымдар салуға;
 - Серіктестік қызметіне қатысты мәселелер бойынша құпияны сақтауға. Жариялануға жатпайтын мәліметтердің тізімі құрылтайшылардың шешімімен анықталады;
 - Серіктестіктің мүлкін сақтауға;
 - Серіктестікке және басқа да қатысушыларға қатысты өзіне алған міндеттемелерін орындауға;
 - Серіктестікке қатысушылардың тізілімін жүргізген жағдайда серіктестікке қатысушылардың (серіктестікке қатысушыларының тізілімін жүргізуді тіркеуші жүзеге асыратын серіктестіктерді қоспағанда) олардың атауы, орналасқан жері, мекен-жайы, банк реквизиттері (егер құрылтайшы заңды тұлға болса) немесе аты-жөні, тұратын жері және жеке басын куәландыратын құжаттың деректері (егер құрылтайшы жеке тұлға болса) көрсетілген тізбесінің өзгергені туралы атқарушы органға, сондай ақ тіркеушіге жазбаша хабарлауға;

- Серіктестікке қатысты өзіне алған міндеттемелерін орындауға;
 - Серіктестікке өз қызметін жүзеге асыруына көмек көрсетуге міндетті.
- Қатысушы құқықтық актілермен, осы Жарғымен және Серіктестіктің ішкі құжаттармен жауапкершілігі шектеулі серіктестіктің қатысушысына жүктелетін өзге де міндеттерге ие болады.
- 2) Қатысушы мыналарға құқылы:
- Серіктестіктің басқару ісіне қатысуға;
 - Пайданы алуға;
 - Серіктестік қызметі жөнінде ақпарат алуға және оның бухгалтерлік және өзге де құжаттармен танысуға;
 - Серіктестік таратылған жағдайда кредиторлармен есеп айырысқаннан кейін қалған мүлктің бір бөлігін құнын алуға;
 - Өз үлесін иелігінен шығару арқылы серіктестікке қатысуын тоқтатуға;
 - Заңда және (немесе) серіктестіктің жарғысында көзделген олардың құқықтарын бұзған жағдайда серіктестік органдарының шешімдеріне сот тәртібімен дау айтуға;
 - Жауапкершілігі шектеулі серіктестік қатысушысына заңдармен берілген өзге де құқықтарды пайдалануға құқылы.

7 БӨЛІМ. ҚАРЖЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТ. ТАЗА КІРІС

22 бап. Есептік жыл

1) Әрбір есептік шаруашылық жыл 1 қаңтардан басталады, 31 желтоқсанда аяқталады.

23 бап. Қаржылық есеп беру

- 1) Бекітілген заңның ережелеріне сәйкес бас бухгалтер қаржылық есептілікті жүргізеді.
- 2) Есеп беру жылының аяғында бас бухгалтер жылдық есеп, баланс, таза кіріс есебін барлық қосымшалармен біріктіріп оны құрылтайшының бекітуіне ұсынады.
- 3) Серіктестіктің өзіне қызмет көрсететін банкті дербес өзі тандайды, валюталық және есеп шоттарын ашады.

24 бап. Таза кіріс

1) Серіктестіктің таза табысы материалдық және оған теңестірілген еңбекке ақы төлеу шығыстарын еткеннен кейінгі жарғылық қызметін түсімдерінен құрылады. Серіктестіктің табыстарының баланстық құнынан салықтар, заңда карастырылған төлемдер төленеді.

Аталған есеп айырысудан кейінгі таза табыс серіктестіктің иелігінде толық қалады.

8 БӨЛІМ. ЕҢБЕК ЖӘНЕ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕР

25 бап. Еңбек және төлем ақы

- 1) Қызметкердің серіктестікпен еңбек қатынастары Қазақстан Республикасының Еңбек Кодексімен реттеледі.
- 2) Серіктестік мүшелеріне ақы төлеудің түрлері, серіктестің өз бетімен белгілейді, еңбекақы мөлшерінің өлшемі, мемлекеттік еңбекақы мөлшерін негізге ала отырып, сонымен қатар үстіне ақы төлеу, қосымша ақы төлеу және басқа да көтермелеу материалдарының түрлері қаралады.

26 бап. Қызметкерлер

- 1) Жалдау туралы келісім-шарт серіктестік пен жұмысшы арақатынасын белгілейтін негізгі құжат болып табылады. Жалдау туралы келісім-шартта еңбек туралы барлық қажетті, сондай-ақ заңға қайшы келмейтін басқа да жағдайлар қарастырылған.
- 2) Серіктестіктің лауазымды адамдары болып Директор мен мектепке дейінгі ұйымның Меңгерушісі болып табылады. Лауазымды адамдарды қызметке тағайындау және босату осы жарғы негізінде іске асады.

9 БӨЛІМ. СЕРІКТЕСТІКТІҢ ҚАЙТА ҚҰРЫЛУЫ

27 бап. Серіктестіктің қайта құрылуы

- 1) Серіктестікті қайта ұйымдастыру /қосу, бөліну, бөліп шығару, қайта құру/ серіктестікке қатысушылардың жалпы жиналысының шешімі бойынша ерікті түрде жүзеге асырылуы мүмкін. Серіктестікті иеліктен айыру немесе серіктестікке қатысушылар құрамының өзге де өзгерісі серіктестікті қайта ұйымдастыру болып табылмайды. Заң актілерінде белгіленген жағдайларда жауапкершілігі шектеулі серіктестікті бөлу немесе оның құрамын бір немесе бірнеше серіктестікті бөліп шығару нысанында серіктестікті қайта ұйымдастыру уәкілетті мемлекеттік органдардың шешімі бойынша немесе соттың шешімі бойынша жүзеге асырылады.
- 2) Қайта ұйымдастырылып жатқан серіктестіктің кредит берушілері хабарлама алған /хабарландыру жарияланған/ күннен бастап екі ай мерзім ішінде серіктестіктен тиісті міндеттемелерді мерзімімен бұрын тоқтатуды немесе орындалуы және зияндарды етпеулі талап етуге құқылы. Талаптар серіктестікке жазбаша түрде жіберіледі, ал олардың көшірмелері серіктестікті мемлекеттік тіркеуді жүзеге асырған органға берілуі мүмкін.
- 3) Серіктестік өзге шаруашылық серіктестік, өндірістік кооператив, акционерлік қоғам болып қайта құрылуы мүмкін.

10 БӨЛІМ. СЕРІКТЕСТІКТІҢ ТАРАТЫЛУЫ

28 бап. Серіктестіктің таратылуы

- 1) Заңды тұлғаның мүлкін меншіктенуші немесе заңды тұлғаны тарату туралы шешім қабылдаған орган бұл туралы заңды тұлғаларды тіркеуді жүзеге асыратын әділет органына, тіркеу орны бойынша салық органына дереу жазбаша түрде хабарлауға міндетті.
- 2) Заңды тұлғаның мүлкін меншіктенуші немесе заңды тұлғаны тарату туралы шешім қабылдаған орган тарату комиссиясын құрады және осы Кодекске сәйкес тарату тәртібі мен мерзімін белгілейді. Тарату комиссиясы құрылған кезден бастап заңды тұлғаның мүлкін және істерін басқару жөніндегі өкілеттік соған ауысады. Тарату комиссиясы сотта таратылатын заңды тұлға атынан әрекет етеді.
- 3) Тарату комиссиясы заңды тұлғаны тарату туралы, сондай-ақ оның несие берушілерінің талаптарын мәлімдеу тәртібі мен мерзімі туралы ақпаратты орталық әділет органының ресми баспасөз басылымдарында жариялайды. Талаптарды мәлімдеу мерзімі тарату туралы жарияланған кезден бастап екі айдан кем бола алмайды. Тарату комиссиясы несие берушілерді анықтау және қарыздарын алу үшін шаралар қолданады, сондай-ақ несие берушілерге заңды тұлғаның таратылғандығы туралы жазбаша хабарлайды.
- 4) Несие берушілермен есеп айырысу біткеннен кейін тарату комиссиясы тарату балансын жасайды, оны заңды тұлғаның мүлкін меншіктенуші немесе заңды тұлғаны тарату туралы шешім қабылдаған орган бекітеді.
- 5) Несие берушілердің талаптары қанағаттандырылғаннан кейін қалған мүлік құрылтай құжаттарында көрсетілген мақсаттарға жұмсалады.
- 6) Заңды тұлғалардың мемлекеттік регистріне тиісті жазба жасалғаннан кейін заңды тұлғаның таратылуы аяқталады, ал заңды тұлғаның өмір сүруі тоқтатылды деп есептеледі.

11 БӨЛІМ. ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР

29 бап. Серіктестіктің қайта тіркелуі

1) Серіктестік келесі жағдайларда қайта тіркеуге жатады: жарғылық капитал азайғанда; фирмалық атауы өзгергенде; қатысушылар құрамы өзгергенде.

30 бап. Серіктестіктің филиалдары мен өкілдіктері

Серіктестік Қазақстан Республикасының аумағында филиалдар және өкілдіктер ашуға құқылы.

«Дошкoльная организация «КЕН и БАРБИ» ЖШС

жалғыз қатысушысы

Бисенова Клара Акиаровна:

Бисенова Клара Акиаровна

КЕЛЕСІ БЕТТІ ҚАРАҢЫЗ
СМОТРИ НА ОБОРОТЕ

" 1-8 ИЮН 2015 " года Я, ЕСЕНЖОЛ АЗАМАТ
МАКСОТУЛЫ, нотариус Актобинского нотариального округа,
лицензия № 0001314 от 18.02.2003 года, выдана Министерством
юстиции Республики Казахстан, свидетельствую подлинность
подписи Бисенбай Кен
Бисенбай
которая (ые) сделана (ы) в моем присутствии.
Личность установлена, дееспособность проверена.
Зарегистрировано в реестре за № 4068
Сумма оплаченная частному нотариусу: 1000
Нотариус:



процессуально
правильно на
8-ми листах

